

2013 жылы Қазақстан Республикасында республикалық және халықаралық жарыстарды дайындау мен өткізу жөніндегі ұйымдастыру іс-шаралары туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2013 жылғы 14 наурыздағы № 49-ө өкімі

1. Қоса беріліп отырған 2013 жылы Қазақстан Республикасында республикалық және халықаралық жарыстарды дайындау мен өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитетінің құрамы бекітілсін.

2. Қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігі, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері спорт түрлері бойынша тиісті федерациялармен келісім бойынша республикалық және ресми халықаралық жарыстарды (бұдан әрі – жарыстар) дайындауды және өткізуді қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі жарыстардың өткізілу барысын бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен жария етуді қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі қоғамдық тәртіпті қорғауды, ресми адамдар мен жарыстарға қатысушылар тұратын және жарыстар өтетін жерлерде олардың қауіпсіздігін сақтауды қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері жарыстарға қатысушылар тұратын және жарыстар өтетін жерлерде оларға медициналық қызмет көрсетуді қамтамасыз етсін.

6. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі ұйымдастырушы ұсынған жарысқа қатысушылардың келу-кету кестесіне сәйкес жарыстарға қатысушыларға теміржол, әуе және автомобиль көлігінде орындарды брондауды қамтамасыз етсін.

7. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігінің шақыруымен Қазақстан Республикасында өтетін жарыстарға жіберілетін қатысушы шетелдіктерге визалық қолдау көрсетсін және визалар беруді жүргізсін.

8. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитеті Кеден одағының және Қазақстан Республикасының кедендік заңнамасына сәйкес спорттық жабдықтарды және мүкәммалды кедендік тазартуды қамтамасыз етсін.

9. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігіне жүктелсін.

Премьер-Министр

С.Ахметов

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2013 жылғы 14 наурыздағы
№ 49 - өкiмiмен
бекiтiлген

2013 жылы Қазақстан Республикасында республикалық және халықаралық жарыстарды дайындау мен өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитетінің құрамы

Қожағапанов - Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігінің төрағасы,
Ерлан Тоқтарханұлы төраға

Қанағатов - Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігі төрағасының орынбасары, төрағаның орынбасары
Елсияр Баймұхамедұлы

Арын - Павлодар облысының әкімі
Ерлан Мұхтарұлы

Есімов - Алматы қаласының әкімі
Ахметжан Смағұлұлы

Қожамжаров - Ақмола облысының әкімі
Қайрат Пернешұлы

Мұсаханов - Алматы обласының әкімі
Аңсар Тұрсынханұлы

Сапарбаев - Шығыс Қазақстан облысының әкімі
Бердібек Машбекұлы

Жошыбаев - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің жауапты хатшысы
Рәпіл Сейітханұлы

Тұрғымбаев - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары
Ерлан Заманбекұлы

Бектұров - Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация вице-министрі
Азат Ғаббасұлы

Қырықбаев - Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат вице-министрі
Арман Оразбайұлы

Шолпанқұлов - Қазақстан Республикасының Қаржы Берік Шолпанқұлұлы вице-министрі

Байжүнісов - Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау Ерік Әбенұлы вице-министрі

Балаева - Астана қаласы әкімінің орынбасары
 Аида Ғалымқызы
 Досымбетов - Қазақстан Республикасының Ұлттық олимпиада
 Тимур Қамалұлы комитетінің бас хатшысы (келісім бойынша)
 Қазақстан Республикасы
 Премьер-Министрінің
 2013 жылғы 14 наурыздағы
 № 49 - өкiмiне
 қосымша

2013 жылы Қазақстан Республикасының аумағында өткізілетін республикалық және халықаралық жарыстардың тізбесі

Р/с №	Іс-шаралар атауы	Өткізілу мерзімі	Өткізу орны	Жауаптылар
1	2	3	4	5
1.	Шахматтан Азия чемпионаты	наурыз	Астана қ.	СДША, Астана қаласының әкімдігі, Қазақстан Республикасының «Шахмат федерациясы» ҚБ (келісім бойынша)
2.	Шахматтан әйелдер арасындағы командалық әлем чемпионаты	наурыз	Астана қ.	СДША, Астана қаласының әкімдігі, Қазақстан Республикасының «Шахмат федерациясы» ҚБ (келісім бойынша)
3.	Шаңғыда бағдарлаудан әлем чемпионаты	наурыз	Риддер қ.	СДША, Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі, Қазақстан Республикасының «Спорттық бағдарлау федерациясы» ҚБ (келісім бойынша)
4.	Қол добынан жастар арасындағы (әйелдер командалары арасындағы) Азия чемпионаты	маусым	Алматы қ.	Алматы қаласының әкімдігі, Қазақстан Республикасының «Қол добы федерациясы» ҚБ (келісім бойынша)
5.	Қол добынан Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың кубогына халықаралық турнир	маусым	Алматы қ.	Алматы қаласының әкімдігі, Қазақстан Республикасының «Қол добы федерациясы» ҚБ (келісім бойынша)
6.	Ауыр атлетикадан Азия чемпионаты	05 - 12 маусым	Астана қ.	СДША, Астана қаласының әкімдігі, Қазақстан Республикасының «Ауыр атлетика федерациясы» ҚБ (келісім бойынша)
7.	Жеңіл атлетикадан «Ғ. Қосановтың мемориалы» халықаралық турнирі	15 - 16 маусым	Алматы қ.	СДША, Алматы қаласының әкімдігі, Қазақстан Республикасының «Жеңіл атлетика федерациясы» ҚБ (келісім бойынша)
8.	Ашық суда жүзуден Азия чемпионаты	15 - 18 маусым	Алматы облысы Қапшағай қ.	Алматы облысының әкімдігі, Қазақстан Республикасының «Су спорты түрлерінің федерациясы» ҚБ (келісім бойынша)

9.	Триатлоннан Азия кубогының 7-кезеңі	19 - 23 маусым	Бурабай қ., Ақмола облысы	СДША, Ақмола облысының әкімдігі, Қазақстан Республикасының «Триатлон федерациясы» ҚБ (келісім бойынша)
10.	Су добынан AASF Азия кубогы (әйелдер)	маусым-қыркүйек	Белгіленуі бойынша	Қазақстан Республикасының «Су спорты түрлерінің федерациясы» ҚБ (келісім бойынша)
11.	Су добынан AASF Азия кубогы (ерлер)	маусым-қыркүйек	Белгіленуі бойынша	Қазақстан Республикасының «Су спорты түрлерінің федерациясы» ҚБ (келісім бойынша)
12.	Бокстан Қазақстан Республикасы Президентінің кубогына халықаралық турнир	шілде	Алматы қ.	СДША, Алматы қаласының әкімдігі, Қазақстан Республикасының «Бокс федерациясы» ЗТБ (келісім бойынша)
13.	Ат спорты түрлерінен Қазақстан Республикасы Президентінің кубогына орталық Азия чемпионаты, әлем кубогы, халықаралық жарыстар	02 - 05 шілде	Астана қ.	СДША, Астана қаласының әкімдігі, Қазақстан Республикасының «Ат спорты федерациясы» ҚБ (келісім бойынша)
14.	Триатлоннан Азия кубогының 8-кезеңі	03 - 07 шілде	Көкшетау қ.	СДША, Ақмола облысының әкімдігі, Қазақстан Республикасының «Триатлон федерациясы» ҚБ (келісім бойынша)
15.	Волейболдан әйелдер командалары арасындағы Қазақстан Республикасы Президентінің кубогы	06 - 14 шілде	Павлодар қ.	СДША, Павлодар облысының әкімдігі, Қазақстан Республикасының «Волейбол федерациясы» ҚБ (келісім бойынша)
16.	Волейболдан «Гран-при»	12 - 19 тамыз	Алматы қ.	Алматы қаласының әкімдігі, Қазақстан Республикасының «Волейбол федерациясы» ҚБ (келісім бойынша)
17.	Грек-рим күресінен Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың кубогына халықаралық турнир	09 - 11 тамыз	Астана қ.	СДША, Астана қаласының әкімдігі, Қазақстан Республикасының «Күрес федерациясы» ҚБ (келісім бойынша)
18.	Волейболдан ерлер командалары арасында Қазақстан Республикасы Президентінің кубогы	22 - 30 тамыз	Алматы қ.	Алматы қаласының әкімдігі, Қазақстан Республикасының «Волейбол федерациясы» ҚБ (келісім бойынша)
19.	Су добынан жасөспірімдер арасындағы Азия чемпионаты	Тамыз - қыркүйек	Алматы қ.	Алматы қаласының әкімдігі, Қазақстан Республикасының «Су спорты түрлерінің федерациясы» ҚБ (келісім бойынша)
20.	Бодибилдинг пен пауэрлифтингтен Азия чемпионаты	Қыркүйек	Алматы қ.	СДША, Алматы қаласының әкімдігі, Қазақстан Республикасының «Бодибилдинг, фитнес, бодифитнес және пауэрлифтинг федерациясы» ҚБ (келісім бойынша)
21.	Қазақстан футболының 100 жылдығына арналған «Миллиондар кубогы» футболдан ақтық жарыстар	11-20 қыркүйек	Семей қ.	СДША, Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі, «Қазақстанның футбол федерациясы» қауымдастығы» ЗТБ (келісім бойынша)
22.	Еуразиялық жасөспірімдер спорттық ойындары	14 - 21 қыркүйек	Алматы қ.	СДША, Алматы қаласының әкімдігі

23.	Шаңғымен тұғырдан секіруден континенталдық әлем кубогы	1 5 - 2 0 қыркүйек	Алматы қ.	СДША, Алматы қаласының әкімдігі, Қазақстан Республикасының «Шаңғымен тұғырдан секіруден және шаңғы екісайысы федерациясы» ҚБ (келісім бойынша)
24.	Дзюдодан Қазақстан Республикасы Президентінің жүлдесіне гран-при	2 8 - 2 9 қыркүйек	Алматы қ.	СДША, Алматы қаласының әкімдігі, Қазақстан Республикасының «Дзюдо федерациясы» ҚБ (келісім бойынша)
25.	Бокстан ересектер арасындағы әлем чемпионаты	0 4 - 2 0 қазан	Алматы қ.	СДША, Алматы қаласының әкімдігі, Қазақстан Республикасының «Бокс федерациясы» ЗТБ (келісім бойынша)
26.	Стенд атудан Азия чемпионаты	0 4 - 1 6 қазан	Алматы қ.	Алматы қаласының әкімдігі, Қазақстан Республикасының «Стенд ату федерациясы» ҚБ (келісім бойынша)
27.	Қазіргі бессайыстан Азия чемпионаты	1 5 - 3 0 қазан	Астана – Алматы қ.к.	Алматы және Астана қалаларының әкімдіктері, Қазақстан Республикасының «Қазіргі бессайыс федерациясы» ҚБ (келісім бойынша)
28.	Коньки спортынан әлем кубогы	қараша	Астана қ.	СДША, Астана қаласының әкімдігі, Қазақстан Республикасының «Коньки спорты федерациясы» ҚБ (келісім бойынша)
29.	Карате-додан Азия кубогы	14 желтоқсан	Алматы қ.	СДША, Алматы қаласының әкімдігі, Қазақстан Республикасының «Карате-до федерациясы» ҚБ (келісім бойынша)

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:
СДША – Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері
а г е н т т і г і
Қ Б – қоғамдық бірлестік
ЗТБ – заңды тұлғалар бірлестігі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК